

Құрманғазы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 қазандағы № 463-VI "Құрманғазы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 мамырдағы № 16 -VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 25 мамырда № 5026-06 болып тіркелді

Құрманғазы аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 24 қазандағы № 463-VI "Құрманғазы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4518 тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің 2-тармағы алып тасталсын;

2) көрсетілген шешімнің қосымшасындағы 5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 15 000 (он бес мың) теңге мөлшерінде көрсетіледі".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Г. Калиева